


С.Оразалин атындағы ЖОББМ 2023-2024 оқу жылының
«Оратор» дебат клубының жыл бойы жүргізілген жұмыстары
бойынша талдама.

С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылының басында «Оратор» дебат клубының жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Үйірме мақсаты: Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Міндеттері: Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту; Мектепшілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастыру, үздіктерді анықтап, ынталандыру; Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау; Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру; Шешендік өнер жіне жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау; Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру; Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту; Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру; Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу; Оқушының өзін-өзі тәрбиеленуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету. Күтілетін нәтиже. Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану; Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді; Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту; Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландыру; Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасуларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады. Оқу жыл басында дебат клубына 20 оқушы қамтылды. Олар: Қалжанова А, Қуанышова К, Насрадин Б, Мирамбекова А, Бекболатқызы Е, Сүндет Н, Мұғалтай Қ, Мешітбаев Н, Әділетқызы А, Ерікқызы Ж, Асқарова А, Төлеубай К, Сариман Қ, Амандық А, Жарылғасын Г, Нысанқұл К, Атағоллаева Г, Маратқызы Ж, Алыбаева П, Кәрібай Н, Асанбай Г. Оқушылар үйірмеге уақытылы қатысып отырды.



« Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысын жүзеге асыру жөнінде іс-шаралар жоспары құрылып, уақытымен жауаптылар өткізіп отырды.





Үйірме жетекшісі: *А.Алиева* А.Алиева